

Қ.Сәтбаева

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ПЕН ПАРЛАМЕНТТІК  
ҚҰҚЫҚ АРА ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

*В данной статье рассматриваются понятие, предмет и источники парламентского права, которое определяется как подотрасль конституционного права и рассматривается в системе конституционного права. Автор показывает соотношение конституционного и парламентского права.*

*In the given article are considered notion, subject and source of parliamentary law. Parliamentary law is defined as branch of constitutional law and considered in system of constitutional law. In given article the concept, a subject and sources of the parliamentary right are considered. The parliamentary right is defined as part of constitutional law and considered in constitutional law system.*

Қазақстанның демократиялық жолмен құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнатуы қазіргі өркениетті әлемдік тәжірибеде нық қалыптасқан билік бөлу принципіне негізделеді. Билік бөлу принципіне сәйкес Республикадағы біртұтас мемлекеттік билік Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлініп, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Айтылған билік тармақтарының ішінде заң шығарушы билік негізгі орынды иемденеді. 1995-жылғы Республика Конституциясында заң шығарушы билікті жүзеге асырушы жаңа орган — қос палаталы Парламент бекітіліп, бүгінгі күні ол өз әрекетін жүзеге асыруда. Бұл — бұрын-соңды Қазақстан тарихында болмаған жаңа институт.

Қазақстан Республикасы Парламентінің тұрақты кәсіби орган ретіндегі әрекетін бастағанына да он бес жылға таяу уақыт өтті. Парламентаризм институтын зерттеу еліміздің заң шығарушы қызметін жүзеге асырушы органның тұрақтылығы мен кәсібилігін қамтамасыз етуді, шынайы парламентаризмге лайық парламент құруды мақсат етуден туындайды. Көптеген өз еліміздің ғалымдары мен шетелдік ғалымдардың еңбектері парламентаризм институтын зерттеуге арналғанымен, Қазақстан Республикасындағы парламенттік құқықтың қалыптасуы, дамуы, парламенттік құқықтың құқық саласы, оқу пәні ретіндегі түсінігі мен қайнар көздері туралы мәселелердің әлі де болса мардымсыздығы демократиялық қоғам құруды алдына мақсат етіп қойған мемлекетімізде бүгінгі күнгі үш билік тармағының негізгісі болып табылатын заң шығарушы билікті жан-жақты зерттеу қажеттілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасы парламенттік құқығының қалыптасуы және дамуы ерекшеліктерін шынайы парламентаризм тұрғысынан қарау арқылы зерттеу барысында парламентаризм элементтерінің Республика Парламентінде тұрақты орнығуын көздеу қазіргі ұлттық ғылымның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Республика парламентаризмінің қалыптасуы барысында осы құбылысты зерттеу мәселесі қазақстандық заңгерлердің назарынан тыс қалған жоқ.

А. К. Котов парламентаризмді «қоғамдағы тіршілік әрекетінің жалпыға бірдей міндетті ережелерін орнату бойынша ой мен тәжірибе» деп түсінеді. Сонымен бірге автор билік бөлу принципін парламентаризмнің басты белгісі ретінде тани отырып, «қай жерде және қай уақытта билік бөлу принципі конституциялық деңгейде бекітілетін болса, сол жерде және сол уақытта парламентаризм дамиды» дейді [1].

С. К. Амандықова «парламент» пен «парламентаризмнің» өзара байланысты ұғымдар болғанымен, маңызы бірдей еместігін, парламентаризмнің парламентсіз болуы мүмкін еместігін, ал парламенттің парламентаризм элементтерінсіз де әрекет ете алатынын, осындай парламенттердің кеңестер кезеңінде болғанын баяндайды. С. К. Амандықова парламентаризм элементтері, ең алдымен, «билік бөлу, өкілдік, заңдылық» [2] деп біледі.

А. А. Черняков «парламентаризм» ұғымына берген анықтамасында: «Парламентаризм — маңызды мемлекеттік міндеттерді орындайтын, заң шығару өкілеттіктерін жүзеге асыратын, өзге билік тармақтарымен құқықтар және заңдық шараларды, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйелерін пайдаланып, өзара іс-қимыл жасаушы, халықтың өкілді органы ретінде билік бөлу жүйесіндегі парламенттің басымдық жағдайы» [3], — дейді.

Қазақстандық парламентаризмнің қалыптасуы мен дамуы үшін, ең алдымен, оны оқытатын салаға, оның сүйенетін қайнар көздеріне қатысты мәселелерді анықтау керек.

Конституциялық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар мемлекет пен қоғам өмірінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа салаларын қамтиды. Конституциялық құқық аталған салаларды жан-жақты, түпкілікті, егжей-тегжейлі реттемейді. Ол тек ең негізгі, басқа салалардың бастауы болып табылатын қатынастарды қарастырады.

Құқық саласының тақырыбы туралы мәселені анықтау оның нормаларына тән ортақ мәндік сапаларды дұрыс түсінудің алғы шарты болып табылады. Құқықтық реттеуде құқықтық нормалардың белгілі бір салаға, нақты институтқа тиесілілігін ескермей, осы нормалардың қызметі мен рөлін толық түрде ашу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы — бұл барлық құқық нормаларының біріккен түрін көрсетуші, Қазақстан Республикасының құрылысын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде, яғни конституциялық құрылыс негіздерін бекітуші, сонымен бірге жеке адамның құқықтық жағдайын, қоғам және оның құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін бекітуші Қазақстан Республикасының ұлттық құқығының маңызды саласы.

Осы берілген анықтама қандай нормалар өз мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын құратынын білуге, қай норманың конституциялық құқыққа жататынын анықтауға көмектеседі.

1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы Республикамыздың мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады. 1995 жылдың 30 тамызында қабылданған өзіміздің төл Конституциямыз — Ата Заңымыз мемлекеттік тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтты. Осы Негізгі Заңда көрсетілгендей, «Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі болып табылады. Осыған орай конституциялық құқық міндеті — ең алдымен халық билігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік билікті жүзеге асыруда конституциялық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар пайда болады. Конституциялық құқық Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін бекіте отырып, халық өз билігін тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асыратынын, мемлекеттік билікті жүзеге асыру құқығын халықтың қандай да бір бөлігі, не ұйым немесе жекелеген адам иемдене алмайтынын, Қазақстанның бүкіл халқы атынан билік жүргізуге өздерінің конституциялық өкілеттілігі шегінде Республика Президенті мен Парламентінің ғана құқығы бар екенін анықтайды.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік халық еркін білдіретін мемлекеттік билік органдары мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары арқылы жүзеге асырылады. Республикамыздағы мұндай органдар — Парламент және жергілікті өкілді органдар.

Қазақстан Республикасының Парламенті Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады. Парламенттің ең жоғары өкілді орган ретіндегі мәртебесі оның өкілеттіктерінің кең аясымен (заң шығару, кадрлар бойынша өкілеттік, бюджет саласындағы өкілеттік т.б.) сипатталады. Парламент өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы барысында Президентпен, өзге мемлекеттік органдармен (Үкімет, Конституциялық Кеңес, Жоғарғы Сот, прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті т.б.) жиі қарым-қатынастарда болып отырады. Осыған байланысты конституциялық құқық жүйесіндегі Парламент орны ерекше. Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік оны заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципіне негізделеді. Соған сәйкес мемлекеттік органдар өз өкілеттілігі ауқымында дербес болады, тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, өзара ықпалдасып, іс-әрекет жасайды. Конституциялық құқық саласындағы кіші сала ретінде парламенттік құқық Парламент пен мемлекеттік билік тармақтары арасындағы қатынастарды және Парламент өкілеттіктерінен туындаған өзге де қатынастарды бекітеді және реттейді.

Конституциялық құқық халық билігінің негіздерін құрайтын қоғамдық қатынастар мен халықтың мемлекеттік билікті жүзеге асыруы барысында пайда болған қоғамдық қатынастарды, оның ішінде мемлекеттік билікті жүзеге асырушы үш билік тармағының арасындағы негізгі — заң шығарушы билік тармағының негіздерін құрайтын қоғамдық қатынастарды бекітеді және реттейді. Ал парламенттік құқық негізгі құқық саласындағы кіші сала ретінде республиканың заң шығару қызметін жүзеге асырушы органның ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібін, заң шығару процесін, депутаттардың құқықтық мәртебесін өз нормаларымен егжей-тегжейлі, жан-жақты реттеп, бекітеді.

Егер конституциялық құқықта статуттық-институционалдық нормалар мен принциптер тобы негізгі орынды иемденсе, ал парламенттік құқықта негізгі орында іс жүргізу-ұйымдастырушы және технологиялық нормалар тұрады. Парламенттік құқық — конституциялық құқықтың динамикалық

«мені». Сондықтан кез келген демократиялық құқықтық жүйеде парламенттік құқық конституциялық құқық жүйесіндегі құқық саласы ретіндегі ерекше орнымен анықталуы қажет.

Көбіне «парламенттік құқық» түсінігінің орнына «парламенттік іс жүргізу», «парламенттік шаралар», «парламенттік өндіріс» тәрізді терминдер қолданылып, парламенттік құқық аталмыш терминдермен теңдестіріліп, соларға сіңісіп кетеді. Дегенмен, парламенттік құқықтың нормативтік алабы, оның еншісіндегі іс жүргізу ережелерінің көптігіне қарамастан, материалдық, оның ішінде ең алдымен конституциялық құқық шеңберіндегі принциптер мен нормалардың анықталуы ықпалымен қалыптасады. Парламентаризм технологиясының барлық маңызын ескере отырып, басты маңыздылық, ең алдымен, қабылданған билік бөлу үлгісі мен басқару нысанының нормаларына сәйкес жүйе ретіндегі оның өз ортасындағы және, әрине, өз-өзінен түсінікті, бір жағынан, мемлекеттік биліктің ең жоғары өкілді органы ретіндегі Парламент, екінші жағынан, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретіндегі халық арасындағы тұрақты өзара байланысты қамтамасыз етуде екенін естен шығармау керек.

Іс жүргізу нормаларының парламенттік «тазалығы» мен әрекет қабілеттілігі — материалдық нормалардың конституциялық «тазалығы» мен анықтылығында. Ешқандай, тіпті асқан шеберлікпен жасалған іс жүргізу ережелері, ең жақсы жағдайдың өзінде, егер негізгі құндылықтарды сіңірмесе, шынайы парламентаризмнің бекітілуі үшін дәрменсіз, жаман жағдайда оның бұзылуы мен бүлінуінің залалды факторы болуы мүмкін.

Парламенттік құқықтың құқықтық жүйедегі орны мен рөліне қатысты пікірлердің аздығына қарамастан, қазірдің өзінде бірқатар көзқарастар туралы айтуға болады. Соның бірі парламенттік құқықта конституциялық құқықтың динамикалық сипаттамалары бар екендігін және ол конституциялық құқықтың ажырамас бөлігі болып табылатынын айтады. Келесі бір пікірге сәйкес парламенттік құқық шешімді және нақты түрде конституциялық құқықпен қатар қойылған толыққанды, дербес құқық саласы ретінде бағаланады. Оның конституциялық құқық саласындай толық құқылы құқық саласы ретінде танылуы қажеттігі, оның барлық бөліктерінің біртұтас тәртіпке салынған кешенді құрайтыны айтылады.

Расында да, бұл құрылым жақсы ұйымдастырылған. Дегенмен, парламенттік құқық деп аталатын құқықтық материяда құқық саласына қажетті барлық параметрлер мен қасиеттер объективті түрде бола ала ма деген сұрақ туындайды. Яғни парламенттік құқықтың тек өзіне ғана тән атаулы реттеу пәндері, әдістері, механизмдері бар ма?

Парламенттік құқық конституциялық құқықтан шыққан, конституциялық құқықпен бірге конституционализм атты «түбірлік жүйеге» сүйенеді және конституциялық құқықтың да, парламенттік құқықтың да негізгі заңдық қайнар көзі Конституция болып табылады.

Дегенмен, біріншіден, қоғамдық қатынастардың конституциялық құқық үшін де, парламенттік құқық үшін де тұтас аясында парламенттік құқыққа, оның өзіне ғана тән ұйымдастыру-техникалық қатынастар участогы «бекітілген». Екіншіден, егер тұтас конституциялық-құқықтық реттеу үшін билікті-бұйрықты бастауларға негізделген әдістер тән болса, ал парламенттік-құқықтық реттеу үшін, ең алдымен, үйлестіру және келісім әдістері тән. Үшіншіден, егер конституциялық құқық механизмдерінде оның нормативтік құрамының материалдық жағы басым болса, ал парламенттік құқық механизмінде іс жүргізуді қамтамасыз ету жағы басым.

Бұдан шығатын қорытынды: парламенттік құқық қаншалықты ерекше сала ретінде көрінсе де, оны конституциялық құқықтың кіші саласы ретінде есептеуге негіз жеткілікті. Парламенттік құқықтың конституциялық құқықпен қатарлас сала болып қалыптасуы мүмкін емес, себебі әр алуан түрлі және әр қилы деңгейлердегі қатынастар конституцияның өзімен іс жүргізу тәртібіне бағытталған. Парламенттік ішкі қатынастар және іс жүргізулер (заң шығару, бақылау, ұйымдастыру) — бұл бір мәселе; екінші — институт аралық (Президент — Парламент — Үкімет — сот билігі); үшінші — жария-құқықтық жауапкершілік қатынастар саласындағы іс жүргізулер (Парламент — сайлау корпусы — электорат).

Шаралардың көптігі мен әр алуандылығы оларды қандай да болсын тұтас кодекстелген парламенттік құқық актісінде қалыптастыруға мүмкіндік бермейді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, парламенттік құқықты парламенттің ішкі құрылымы мен іс жүргізу-ұйымдастыру қызметін, оның мемлекеттік биліктің басқа органдарымен және сайлау корпусымен қарым-қатынастарын реттеуші нормалар мен ережелердің ерекше жүйесі ретінде анықтауға болады [4].

Ал парламенттік құқықтың қайнар көздері жөнінде айтар болсақ, құқықтың жалпы теориясында құқық қайнар көздерінің ұғымын заңдық мағынада материалдық және формалды деп ажырату

калыптасқан. Бірінші жағдайда құқықтың қайнар көзі деп осы құқықтың мазмұнын анықтайтын факторларды айтады. Әдетте оларға қоғам өмірінің материалдық жағдайын, қоғамға тән экономикалық қатынастарды жатқызады.

Формалар заңдық мағынада құқықтың қайнар көзі ретінде қаралып, құқықтық нормалар осы формалар арқылы қалыптасады және міндетті күшін алады. Осындай қызмет атқарушы формалар құқықтық актілер болып табылады.

Уақыттың қазіргі кезеңінде әрекет етуші құқықтық актілер ғана конституциялық құқықтың қайнар көздері бола алады.

Құқықтың қайнар көздері үшін, оларды қабылдауда ғана емес, жоюда да, өз күшін жойды деп тануда да ерекше тәртіп белгіленген. Акті жойылғаннан кейін әрекеттегі құқықтың қайнар көзі болып есептелмейді.

Парламенттік құқық қайнар көздерін үш топқа бөліп қарастыруға негіз бар, олар: заңдық, ұсынымды-шаралық және ілімдік.

Бірінші заңдық топта, тек жалпы мемлекеттік деңгейдегі: Конституция, заңдар, Республика Президентінің жарлықтары, Үкімет қаулылары, Жоғарғы Сот шешімдері, Парламент және оның палаталарының регламенттері және басым бөлігінде немесе жекелеген бөліктерінде құқықтық іс жүргізу ережелері бар өзге де актілер. Осы орайда қазіргі қазақстандық құқықтық жүйе үшін жаңа актілер түрлерін арнайы түрде атап өту қажет, олар: конституциялық заңдар, ішкі мемлекеттік шарттар мен келісімдер, халықаралық құқықтың принциптері мен нормалары.

Аталмыш қайнар көздер ішінде, әрине, мемлекет Конституциясы негізгі орынды иемденеді. Қазақстан Республикасы парламенттік құқығының негізгі қайнар көзі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Себебі Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады (ҚР-ның Конституциясы 4-б. 2-т.). Басқа қайнар көздердің бәрі де Конституциядан туындайды және оған қайшы келмеу керек. Оған себеп келесі факторлар:

1. Конституцияда қазіргі кезеңдегі барлық конституциялық-құқықтық реттеудің негізі болып табылатын, жалпы сипаттағы құқықтық нормалар белгіленген.

2. Конституция құқықтың қайнар көзі ретінде өзінде белгіленген нормалар мазмұнының кеңдігімен сипатталады. Бұл нормалар өз әрекетімен қоғам өмірінің барлық саласын — саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларын қамтиды.

3. Қазақстан Республикасы Конституцияның басқа қайнар көздермен салыстырғанда ең жоғарғы заңдық күші бар, Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Мемлекетіміз қабылдаған заңдар және басқа да құқықтық актілер Қазақстан Республикасы Конституциясына қайшы келмеу керек.

4. Конституцияда құқық саласының қайнар көздерінің көптеген басқа түрлері анықталған. Онда құқықтық актілердің аталуы, олардың заңдық күші, қабылдау тәртібі, жойылуы және жариялануы белгіленген.

5. Парламенттік құқық саласының негізгі қайнар көзі ретіндегі Конституция маңызды, ондағы белгіленген нормалар халықтың мемлекеттік еркін жүзеге асыру формасы ретінде көрінуімен де анықталады. Онда заңдық түрде қоғамның алға қойған мақсаттары, осы қоғамды ұйымдастыру принциптері және оның тіршілік әрекеттері, қоғамның ең жоғары өкілді органы ретіндегі Парламент құзыреті белгіленеді.

Конституция, басқа қайнар көздермен салыстырғанда, ең жоғары құқықтық маңызы бар акті ғана емес, ең жоғарғы қоғамдық маңызы бар акті. Оның нормалары әр азаматты, қоғамдық әрекеттің барлық субъектілерін қамтиды. Конституцияның төртінші бөлімі парламенттік құқықтың негізін салатын нормалардан тұрады. Үш тармаққа бөлінген мемлекеттік билік тармақтары арасындағы алғашқы орында заң шығарушы билік тұр. Сол себепті Республика Парламентіне қатысты негізгі мәселелер елдің Негізгі Заңында жан-жақты қарастырылған. Республика Конституциясы Парламенттің заң шығару қызметін жүзеге асырушы ең жоғары өкілді орган ретіндегі ерекше мәртебесін бекітеді (ҚР Конституцияның 39-бабы). Сонымен қатар Конституцияда Парламенттің бірлескен және бөлек отырыстарында қарастырылатын мәселелер тобы, әуелі Мәжілісте, сонан соң Сенатта кезегімен қарау арқылы қабылданатын мәселелер тобы анықталған.

Республика Конституциясының негізінде қабылданған «Парламент және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң Парламент және оның Палаталарының ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптерін, оның депутаттарының құқықтық жағдайын егжей-тегжейлі қарастырады. Аталмыш нормативтік акті парламенттік құқықтың Конституциядан кейінгі негізгі төл қайнар көзі

болып табылады. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Үкімет туралы», «Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдары да парламенттік құқықтың қайнар көздері қатарына жатады.

Парламенттік құқықтың келесі қайнар көзі — «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Республика Заңы. Аталмыш Заң Республика Парламенті жұмыс органдарының құрылуы тәртібін, олардың өкілеттіктерін, қызметінің ұйымдастырылуы тәртібін жан-жақты реттейді.

Парламенттік құқықтың нормативтік қайнар көздері арасында парламенттік регламенттер ерекше орынға ие. Регламенттер — Парламенттің құқықтық мәртебесін, оның ұйымдастырылуы тәртібі мен қызметінің нысандарын Конституция негізінде белгілеуші және нақтылаушы нормалар мен ережелер біріктірілген және жүйеге келтірілген біртұтас нормативтік актілер. Парламенттік регламент, шын мәнінде, парламенттік кодекс. Ол келесі жүйе бойынша құрылады: парламенттің ішкі құрылымы және органдары; депутаттардың құқықтары мен міндеттері; депутаттық бірлестіктер (топтар, фракциялар); заң шығару және бақылау-өкімдік шаралары; халықаралық парламентаралық ынтымақтастық және т.б. Әлемдік конституциялық тәжірибеде парламенттік регламенттер, әдетте, парламенттердің өздерімен немесе олардың палаталарымен қабылданады және олар тек «регламент» деген атпен ғана емес, өзге де нысандарда қабылданады (мысалы, Францияда — органикалық заң, АҚШ-та — Конгресс палаталарының тұрақты ережелері, Швецияда — Риксдаг туралы акті). Қазіргі уақытта Қазақстан Парламентінің бірлескен отырыстарында қарастырылатын мәселелерді реттейтін Парламент Регламенті, оның палаталарының құзырындағы мәселелерді реттейтін Сенат және Мәжіліс Регламенттері әрекет етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес заң және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу, ұсыну талқылау, күшіне енгізу және жариялау тәртібі арнаулы заңмен және Республика Парламентінің және оның Палаталарының Регламенттерімен реттеледі (62-б., 8-т.). Аталмыш конституциялық норма Парламент пен оның Палаталары Регламенттерінің болуы қажеттігін бекітеді.

Екінші, ұсынымды-шаралық топтың қайнар көздері: парламенттік дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, прецеденттер.

Парламенттік әдет-ғұрыптар — бұл көптеген жылдардағы әлемдік парламенттік тәжірибеде қалыптасқан белгілеуші сипаттағы ережелер. Мұнда, мысалы, әдеттегі электронсыз дауыс беру тәсілі, яғни орнынан тұру, қол көтеру, тіпте аккламация түрінде — бір топтың екінші топты асыра айқайлауы және т.б. Регламентке инкорпорацияланған (бірігіп жүйелендірілген) әдет-ғұрыптар парламенттік прецеденттер нысанын қабылдап, орындауға міндетті актілер қатарында болады. Парламенттік прецеденттерді соттық прецеденттерден айыра білу қажет. Соттық прецеденттер жоғарғы және өзге инстанция соттарының шешімдері ретінде басқа соттардың ұқсас істерді шешуі барысында басшылыққа алынады. Англо-саксондық құқық жүйесіндегі елдерде соттық прецеденттер конституциялық құқықтың, белгілі аспектіде, парламенттік құқықтың (оның ішінде Ұлыбритания Парламентінің «Тәжірибелері» деп аталатын) маңызды тобын құрайды.

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында осындай дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, прецеденттерді тұтас «кодекске» біріктіру үшін американдық қоғам қайраткері Генри М.Роберт көп еңбек етті. Ол 1915 жылы «Парламенттік іс жүргізу ережелері» атты өзінің қомақты кітабын шығарды. Аталмыш жұмысты американдық зерттеушілер «Парламенттік заңдар жинағы», «Парламенттік мінез-құлық үлгісі» деп атап, ал оның авторын «қазіргі парламенттік іс жүргізу әкесі» ретінде таниды. Г.М.Роберттің өзі жазғандай, «әрбір құрметті органның тәртіп, сыпайылық және біркелкілік негізде әрекет етуі аса маңызды».

Роберт «Ережелерінің» ерекшелігі, олар шешім қабылдайтын кез келген «ассамблеяға» бейімдендірілген — мейлі ол парламент палатасы, сайлаушылар клубы немесе діни қауымдастық болсын — бәріне бірдей қолдануға болады. Жиналыстарда іс жүргізу шаралары (ұсыныстарды негізгі, қосалқы, ерекше пұрсатты деп топтастыру бойынша енгізуден бастап, жарыссөздегі әдеп сақтау мен дауыс беруге дейін), жиналыстың, оның жұмыс органдарының (комитеттер, комиссиялар), лауазымды адамдардың және т.б. құқығы мұқият талқыланады. Аталмыш ережелердің көбі ағылшындық және американдық парламентаризм тәжірибесінен енгізілгендіктен, парламенттік мәдениет әліппесі деп атауға болады. Әрбір конституциялық ұйымдастырылған мемлекеттің ерекше заңдық құрылымының іс жүргізу өзегі дәл соларда [5].

Ғасырлық парламенттік тәжірибеде регламенттерге кірмеген, бірақ жеке және топтық мүдделер үшін белсенді түрде қолданылып жүрген «ережелер» аз емес. Олар келесілер:

– «Кенгуру» — ағылшын қауымдастық палатасындағы заң жобасы бойынша жарыссөз бостандығын шектеу үшін қолданылады. Спикер палатаның көпшілігінің шешімімен заң жобасына депутаттармен ұсынылған түзетулердің жалпы санынан талқылауға қойылатын түзетулерді таңдау құқығын алады, ал қалған түзетулер ешқандай талқылаусыз дауысқа салынады;

– «Флибустьерство» — АҚШ Сенатында қолданылатын тәсіл. Талқыланып жатқан сұраққа қатысы жоқ ұзақ сөз сөйлеумен отырысты созу арқылы ұнамсыз заң жобаларын қабылдауға жол бермеу;

– «Сиыр адымы» (Жапония) — заң жобасы бойынша депутаттардың жеке-жеке дауыс беруін кейінге қалдыру немесе бұзуға бағытталған әрекет. «Сиыр адымына» қатысушы әрбір депутат көбірек тоқтау, салмағын екі аяғына кезек салу, қалталарын ақтару, көзілдіріктерін сұрту және тағы басқа әрекеттер арқылы сайлау жәшігіне барар жолда қозғалысты барынша ақырындатуға тырысады.

Ілімдік топқа қатысты қайнар көздер жөнінде айтар болсақ, онда батыс заң ғылымында оның құрамына, өзге қайнар көздермен қатар, құқықтық нормалар мен категориялар мәніне тікелей немесе жанама түрде заңтану саласындағы танымал беделді ғалымдардың түсіндірме беруі енгізіледі. Қазіргі қазақстандық парламенттік құқықтың дамуы барысында осы ілімдік топтағы қайнар көздер аталмыш сала қайнар көздерінің қатарынан өз орнын тапса, яғни парламентаризм институтын зерттеуші беделді отандық ғалымдардың осы мәселені зерттеулері барысында анықтаған қазақстандық парламентаризмге қатысты тың тұжырымдары мен түсіндірмелері парламенттік құқық қайнар көздері тобының қатарына енсе, аталмыш құқықтың дамуы барысына зор үлес қосқан болар еді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Котов А.К. Новая Конституция Казахстана и становление парламентаризма в республике с президентской формой правления // Вестн. Межпарламентской Ассамблеи. — СПб., 1996. — № 3. — С. 23, 24.
2. Амандықова С.К. Конституционное право Республики Казахстан. — Карағанда: «Болашақ-Баспа», 1998. — С. 110.
3. Черняков А.А. Справочник по конституционному праву. — Алматы, 2000. — С. 56.
4. Парламентское право России: Учеб. пособие / Под ред. И.М.Степанова, Т.Я.Хабриевой. — М.: Юрист, 1999. — С. 12.
5. Роберт Г.М. Правила парламентской процедуры. Проблемы Восточной Европы. — Вашингтон, 1992. — С. 18.

УДК 342.51

Г.К.Кулдышева

Ошский государственный университет, Кыргызская Республика

#### ТЕОРИЯ РАЗДЕЛЕНИЯ ВЛАСТИ В АСПЕКТЕ КАТЕГОРИАЛЬНОГО АНАЛИЗА «ФОРМЫ» И «СИСТЕМЫ» ПРАВЛЕНИЯ

*Мақалада биліктің бөліну қағидасы негізінде кейбір елдердегі мемлекеттік билік органдарының қызметіне талдау жасалған. Сондай-ақ автор биліктің «нысаны» мен «жүйесін» категориалды тұрғыдан зерттеген. Мұнан басқа мемлекеттік биліктің жекелеген тармақтарына бөлудің заңды концепциясын, олардың арасындағы шиеленісті шешудің технологиясын, конституциялық қызмет етудің тәртібі мен саяси мәртебесі қарастырылған.*

*The article based on the principle of separation of powers analysis of the functioning of public authorities in some countries. Moreover, the author examines their performance in the aspect of categorical analysis of «form» and «system» of government. The article notes that a system of government is a total concept, which includes the legal concept of separation of power into separate branches, technology, resolving conflicts between them, their political status and constitutional mode of operation.*

На современном этапе теория разделения власти подвергается переосмыслению. И с точки зрения реалий конца XX в. разделение власти есть главная составляющая «юридической связанности власти основными правами», и лишь она способна обеспечить господство права. Как справедливо отмечают немецкие юристы, смысл разделения власти заключается в обеспечении «свободы индиви-